

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ
ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА



МҰСЫЛМАННЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ ЛИЧНОСТНЫЙ ОБЛИК МУСУЛЬМАНИНА

тәлім
наставление



Астана
19-ақпан, 2015 ж.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ИМАМДАР ФОРУМЫНДА**

Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы

**МҰСЫЛМАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ
БЕЙНЕСІ**

тәлім

**Астана
19-ақпан, 2015 ж.**

Шынайы мұсылманның тұлғалық бейнесі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ وَأَمَّا بَعْدُ..

Аса мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына салауат пен сәлем болғай!

Қазіргі таңда тұрғындардың, әсіресе жастардың арасында исламға деген қызуғышылық артуда. Бұл – қуантарлық жайт. Алайда, кейбір мұсылмандар бір ісін ұқыптылықпен атқарса, екіншісіне немқұрайлық танытуда.

Шынайы мұсылманның өмірі мен мінез-құлқы үйлесімділікке толы, имандылыққа, адамгершіліктің биік шыңына негізделеді. Қоғамымызда соған себеп болатын мұсылманның сапасын арттыратын әрі дұрыс жолмен жүруге бағыт-бағдар беретін, шынайы мүміннің келбетін бейнелейтін көптеген сипаттар бар.

Атап айтатын болсақ, шынайы мұсылман – дін талаптарына бекем, жүрегі таза, рухани асқақ, биік тұлға. Ол өзінің дініне деген ыждағаттылық білдіруімен, ықыласымен, ыстық махаббатымен ерекшеленеді. Бүгінгі қазақстандық мұсылмандар осы сипаттармен қатар шынайы мұсылманның төмендегі сипаттарын да үлгі ретінде ұстануы абзал болмақ.

1. Дұрыс сенімде болу. Мұсылманның негізгі сенімі – Алланың бар және бір екендігіне, періштелеріне, кітап-

тарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырдың жақсылығы мен жамандығы Алла тарапынан екеніне илану. Алла барлық кемшіліктерден, жаратылыстың сипаттарынан пәк. Алла Тағала естуші, көруші, құдіретті, мұңсыз, білуші, әуелден бар болған, мәңгі, затында, ісінде, сипатында серігі жоқ, ешбір жаратылғандарға ұқсамайды деген сенімде болуы қажет.

2. Білім алу. Сүннетке сәйкес, ғылым, даналық – мұсылманның жоғалтқаны, оны қайдан болса да табу қажет. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің бір хадисінде: *«Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз»*,¹ – деген. Бұл хадис шарифі һәм зайырлы білім алуды әрбір ер мен әйелге бірдей парыз екенін білдіреді. Сол үшін де шынайы мұсылман өмірінде діни білімнің де, зайырлы білімнің де алатын орны ерекше. Тек діни білім алу парыз, ал зайырлы білім маңызды емес деген қате түсінік. Себебі, бізден бұрын өткен мұсылман ғалымдары білімнің алуан түрлі салаларын меңгерген. Қазіргі таңда озық мұсылманға діни білім мен зайырлы білімді ұштастырса, алынбайтын қамал, бағындырмайтын белес жоқ және адал жолмен ризығын табуына, ғибадатының кемшіліксіз орындалуына жол ашады.

3. Отансүйгіштік. «Отанды сүю – иманнан» деген қанатты сөз бар. Дінімізде отаншылдық шынайы мұсылманға тән қасиет. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда, сенен басқа жерде тұрақтамас едім»*, – деп, Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған.

Мұсылманның тұрғылықты жерінде шекарасы

¹ Ибн Мәжә риуаяты.

белгілі, сыртқы жаудан аман, мал-мүлік, ар-намыс пен ар-ождан бостандығы қамтамасыз етілген ел оның отаны болып саналады. Мұндай жерде тұрып жатқан мұсылман баласына сыртқы және ішкі жаулардан отанын қорғау парыз болып табылады. Алла жолында, Отан үшін соғыста жүріп дүниеден өткен адамды шаһид деп атайды. Алланың Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мынадай екі көзді тозақ оты күйдірмейді: Алладан қорқыныштан жылаған көз бен Алла жолында елін күзеткен көз»**,² – деген.

4. Заңға бағыну, басшыға бойұсыну. Алла Тағала Құранда былай дейді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«Әй, мүміндер. Аллага бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар».³

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадис шәріпте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім маған бойұсынса, ол Аллага бойұсыныпты. Кім маған бойұсынбаса, ол Аллага бойұсынбапты. Кім басшыға бағынса, ол маған бағынганы. Кім басшыға бағынбаса, ол маған бағынбағаны»**,⁴ – дейді. Шынайы мұсылман басшыға бойұсынып, оларға қарсы шықпайды. Мұсылмандардың арасында келіспеушіліктер пайда болуы мүмкін, алайда олар елдің ауызбіршілігін, жұрттың тыныштығының бұзылуына соқтырмауы тиіс.

Мұсылман үмбетінің үлгі тұтарлық сахабалар ел билеген басшыларына қалтқысыз бойұсынған. Олар ел ішінде болған бүліктерге ермей, ел басшысы халифаға қолдау көрсеткен. Осындай тас болаттай түйінделген ауызбіршіліктің арқасында мұсылмандар ғасырлар бойы билік

²Термези риуаят еткен.

³«Ниса» сүресі, 59-аят.

⁴Бұхари және Мұслим риуаяты.

күрған. Ал, басшыға бағынып жұмыла жұдырық болудың нәтижесінде ғылым мен өнер дамып, дүниелік саланың барлығы өркендеді. Сондықтан басшыға бағыну керектігін әрбір шынайы мұсылман есте сақтауы ләзім.

5. Дінаралық татулықты сақтау. Ислам діні күллі адамзатты түрі мен түсіне, тегі мен нәсіліне, ұлттарға, діні мен діліне бөліп қарастырмай, керісінше, елді ынтымақ пен бірлікке, бейбітшілік пен келісімге, өзара төзімділік пен бір ымыраға келуге шақырады. Алла Тағала «Әнбия» сүресінің 107-аятында:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Біз сені әлемдерге рақым етіп қана жібердік», –деп, мұсылман болсын, мейлі христиан болсын, мейлі яһуди болсын ешкімді бөліп жармастан бүтіндей адамзатқа мейіріммен жіберілген елші екендігін баяндаған. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде: *«Нағыз мұсылман – өзге адамдар оның тілі мен қолынан зиян көрмеген адам»,*⁵ – деп айтқан. Яғни, шынайы мұсылман қоғамдағы өзге адамдарға зиян тигізбей, мемлекеттің тыныштығын басты назарда ұстайтын адам.

6. Қоғамға пайдалы болу. Шынайы мұсылман өзі өмір сүріп жатқан ортасына әрдайым пайдалы болуға тырысады. Қоғамда ынтымақ, бірлікті күшейтуге қатты көңіл бөледі. Қолынан келгенше жәрдем көрсетуге тырысады. Мысалы, қарызға, шығынға батып, тығырыққа тірелгенге, жақын-жуығына көмектеседі. Көршісімен жақсы мәміледе болып, көмек керек болса қол ұшын береді, қиыншылыққа тап болса жәрдемдесіп тұрады. Асыл дініміз ынтымақ-бірлігі жарасқан имани қоғам құруға шақырады. Адамдарды

⁵Мухаммад ибн Исмаил Әбу Абдуллаһ әл-Бухари әл-Жуғфи, 1989. (№ 1144 хадис). I т. – 391 б.

бір-біріне жәрдемдесуге үндейді. Алла Тағала былай дейді:

*«Бір-біріңе жақсылық пен тақуалықта жәрдем беріңдер!».*⁶

Алланың Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Алла үшін адамдардың ең сүйіктісі – адамдарға пайдалы болғаны...».*⁷

7. Еңбекқорлық. Асыл дініміз иманды жанды адал еңбек етуге үндейді. Адал еңбекпен несібесін айыру – пайғамбарлардың дағдысы. Әрбір пайғамбар өз еңбегімен табыс тауып, күнелткен. Микдад ибн Мағди Якрабтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ешбір адам өз қол еңбегімен тапқан тағамынан тәуір тамақ жемеген. Расында, Алланың пайғамбары Дәуіт (а.с.) те қол еңбегімен тамақ тауып жеген»*, – дейді.⁸

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кәсіптің ең қайырлысы – ықыласпен еңбек еткен жұмысшының қол еңбегі»*, – деген.⁹

Ислам діні адал кәсіп етуді уағыздайды. Риуаяттарға зер салған адамдар бүкіл пайғамбарлардың адал кәсіп еткенін, бұл өмірдегі ғылыми жетістіктер мен өркениеттің көш басында тұрғанын аңғарады. Мәселен, Адам (а.с.) диқаншылықты, Нұх (а.с.) кеме жасауды, Ыдырыс (а.с.) тігіншілікті, Мұса (а.с.) шопандықты, Дәуіт (а.с.) темір ұсталығын, Зәкәрия (а.с.) ағаш ұсталығын үйретті. Сондықтан адам баласы ризығын табу үшін жұмыс істеуі керек, ал жұмысына лайықты болу белгілі бір білімнің игерілуін талап етеді.

8. Ысырапқа жол бермеу және сараңдықтан бойды аулақ ұстау.

⁶ Әли Имран сүресі, 103-аят.

⁷ Табарани, Ибн Әбу Дүния риуаят еткен.

⁸ Бухари риуаят еткен.

⁹ Ахмет риуаят еткен.

Мал-мүлікті жұмсауда ысырап етпей, орта жолды ұстану. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ

*«...Жеңдер-ішіңдер, бірақ ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді».*¹⁰ Қанша бай болса да адам баласы қолындағы дүниесіне бекем болып, ысырапқа жол бермеуі тиіс және дүние жұмсауда жанұясының да ризығын кемітпеу керек. Адам бала-шағасына қарамай дүниесін оңды-солды басқа нәрсеге шаша берсе, отбасы кедейлікке ұшырайды. Ең жақсысы – туралық, әділдік. Отбасылық жағдайда болсын, қоғамдық ортада болсын, кез келген жағдайда туралық, әділдік жасау керек. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Беруші қол алушы қолдан жақсы. Беретін болсаң, алдымен отбасыңнан баста. Садақаның ең абзалы – дәулеттінің жомарттықпен бергені»*, – деген.¹¹

9. Көркем мінез-құлық. Ислам – көркем мінез бен әдепке негізделгендіктен әрдайым тазалық пен пәктікті насихаттайды. Алла Тағала:

وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خَلْقٍ عَظِيمٍ

«Расында, сен ұлы ахлаққа иесің» («Қалам» 4-аят), – деп, Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінезі ұлы, кемел екенін баяндаған. Нағыз мұсылман Қиямет күні амалдарының ішіндегі көркем мінезі таразыда ауыр салмақ басатынын бір сәт ұмытпайды. Оның мінез-құлқы шыншылдық, аманат, туралық, уәдесіне берік болу, тіліне ие болу, ойының таза болуы, кешірімділік, кішіпейілділік, жомарттық, сабырлық, қарапайымдылық, бауырмалдылық, бірлік сияқты т.б.

¹⁰«Ағроф» сүресі 31-аят

¹¹Муслим риуаяты.

көптеген мақтаулы сипаттармен танылады. Алла елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Мүміндерден иманы ең кәмілі – мінез-құлқы жақсы болғандары. Ал, сендердің ең жақсыларың – әйелімен жақсы қарым-қатынаста болғандарың»*.¹² Сондай-ақ, басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Расында, мүміндердің ішінде иманы ең кәмілі – мінез-құлқы жақсы әрі отбасына мейірімді болғаны»*,¹³ - дейді. Әдептіліктің қайнар көзі мен негізгі қағидаларын Ислам дінінен іздеген дұрыс. Ислам көркем мінез бен әдепке негізделгендіктен әрдайым тазалық пен пәктікті насихаттайды. Бұл дініміздің негізгі қағидаларынан айқын көрінеді. Исламдағы барлық ғибадат-құлшылықтар осы мақсатта тоғысады.

10. Кішіпейіл болу. Кішіпейілділік – пендеге Раббысы тарапынан берілетін ерекше мінез-құлық. Кішіпейілділік – пайғамбарлар мен күллі мұқаррабиндер, әулиелерден мирас болған көркем қасиет. Кішіпейіл адам – жер бетінде Раббысынан қорқып, одан ұялып, әрдайым өзін көріп тұр деген оймен ұлыққа да, кішікке де бірдей қарым-қатынас жасайтын жан. Алла Тағала былай дейді:

وَعِبَادَ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا ...

«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді...».¹⁴ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Кім кішіпейілділік көрсетсе, Алла оның мәртебесін өсіреді. Ал, кімде-кім көкірек қақса, Алла Тағала оны мұрнымен жер сүздіреді»*,¹⁵ – деген. Бұл аяттың астары мен хадисте мүміндерге тән кішіпейілділік жатыр әрі өркөкіректіктен алшақтауды тиіс етіп тұр. Бұл тәкаппарлық ақыры жақсылыққа апармайтын жүрек дерт-

¹² Муснад Имам Ахмад 2/472.

¹³ Сунаан ат-Тирмизи 6212.

¹⁴ Фурқон сүресі, 63-аят.

¹⁵ Имам Ахмад ибн Ханбал, Муснад

терінің бірі. Себебі, Алла Тағала Құранда:

وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ الْجِبَالَ طُولًا. كُلُّ
ذَلِكَ كَانَ سَيِّئًا عِنْدَ رَبِّكَ مَكْرُوهًا

«Жер бетінде тәкаппарланып жүрме! Өйткені, сен ешқашан жерді тесіп кете алмайсың және таулардан биік бола алмайсың. Бұлардың барлығы Раббыңның құзырында жеккөрінішті жаман қылықтар саналады»,¹⁶ – деп, бұл мінезді жақсы көрмейтіндігін білдірсе, Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімде-кімнің жүрегінде тозаңдай өркөкіректік болса, ол кісі жұмаққа кірмейді»*,¹⁷ – деп, тәкаппарлық – дінімізде кісіні тозаққа лайық ететін қатерлі рухани ауру екенін баяндап берді.

11. Бауырмалдық. Мұсылман сипаттарының тағы бірі – бауырмалдық. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Сендердің ешбірің өзіне қалағанын дін бауырына да қаламайынша, толық иман келтірген болмайды»*. Бауырмалдық – бұл адамдар арасындағы шынайы қасиет. Әсіресе, мұсылман бауырың үшін барынды салып қолдау көрсету – қайырлы істің абзалы. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мұсылман – мұсылманның айнасы, мұсылман–мұсылманның бауыры, оны құрдымға ұшырап кетуден тыйып отырады әрі артынан (шамасы келгенше) қорғаштап жүреді»*,¹⁸ – деп, бауырмалдықтың туыс адамдарға ғана емес, бүкіл қоғамға бағытталатынын атап өтті. Ендеше, қоғамда өзіне де өзгеге де зиян келтірмеу әрі бауырыңның қатесін түзету – бұл бауырмашылдықтың бір жемісі.

12. Сәлемдесу. Бір мұсылманның екінші мұсылманмен кездесе қалғанда, онымен амандасуы екеуінің арасына

¹⁶ «Исра» сүресі. 37,38-аяттар

¹⁷ Муслим, Ахмад риуаяты

¹⁸ Әбу Дәуіт риуаяты

бауырмалдық, мейірімділік пен адамгершілікті ұялатады. Құранда Алла Тағала:

وَإِذَا حُيِّتُمْ بِتَحِيَّةٍ فَحَيُّوا بِأَحْسَنَ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا ۗ...

«Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарыңдар!»¹⁹ – деп бұйырған. Осы аяттан амандасудың қаншалықты маңызды екендігін түсінуге болады.

«әс-Сәләм» – Алла Тағаланың есімдерінің бірі. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің мүбәрак хадисінде былай дейді: *«Расында «әс-Сәләм» Алла Тағала есімдерінің бірі. Алла оны жер бетіне орнатты. Сондықтан оны өз араларыңда жайыңдар (таратыңдар)».*²⁰ Мұсылмандардың сәлемі бір-біріне: «Ассаламу алайкум уа рахматуллаһи уа баракатуһ», яғни «Алланың сендерге сәлемі (есендігі, тыныштығы), рахметі, берекесі болсын» деп айту. Демек, сәлемдесу – мұсылмандардың ұраны және олардың рухани байлығының таптырмас бір бөлшегі. Осы арқылы адамдар бір-біріне деген ме- йірімділік пен сүйіспеншілікті арттырады. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Сәлем беру – сүннет, ал жауап қайтару – уәжіп».* Өйткені, сәлемге жауап қайтармау оны кемсіткенмен тең. Біреуді кемсіту оған зиян беру дегені. Ал, шариғатымыз біреуге зиян беруден тыйған. Сонымен, сәлем берумен қатар, оған жақсы жауап қайтаруымыз да міндет екен.

13. Сыртқы келбеті мен тазалығына мән беру.

Амру бин Шуғайбтан келген хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Расында, Алла Тағала нығметінің әсері пенденің үстінен көрінуін*

¹⁹ «Ниса» сүресі, 86-аят

²⁰ Бухари риуаяты

жақсы көреді»,²¹– деген. Және бір хадисте: *«Тазалық – иманның жартысы»*,– деген. Демек, мұсылман жүдеу-жадау киінбей, тазалыққа мән беріп, өзгеге үлгі болатындай өз дәулетіне лайықты сәнді әрі ұқыпты киіну керек.

14. Ата-анаға бойұсыну және жақсылық жасау. Ата-анаға бойұсыну, кішіпейіл болу, жақсылық жасау, дауыс көтермей жақсы сөз сөйлеу, разылығын табу – бұл барша мұсылманның міндеті. Алла Тағала былай дейді:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا ۖ إِنَّمَا يُبَلِّغَنَّ عِنْدَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا
أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا آفٌ وَلَا تُنْهَرْهُمَا وَقُلْ لَهُمَا قَوْلًا كَرِيمًا ۖ وَأَخْفِضْ لَهُمَا جَنَاحَ
الذِّلِّ مِنَ الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا رَبَّيَانِي صَغِيرًا

«Раббың өзіне гана гибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, «Түһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп, мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!», – де».²²

Абдулла ибн Амрден жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Алланың разылығы әке-шешенің разылығында, ал қаһары әке-шешенің ашуында»*.²³

Тіпті, ата-ананың борышын Алла жолында күресу және сүннет амалдарынан бұрын орындау перзенттерге міндетті болады. Жаһама (р.а.) Пайғамбарымызға (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Мен жорыққа аттануды қалаған едім, сізбен ақылдасайын деп тұрмын», – дедім. Ол (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Сенің анаң бар ма?»* – деп сұрады. Мен: «Ия, бар», – дедім. *«Онда бар да оның қасында бол (оған қызмет ет), өйткені жәннат оның аяғының астында»*, – деп айтты Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын). Абдулла бин Амрдан (р.а.) келген хади-

²¹ Термизи риуаят еткен .

²² Исра сүресі, 23-24.

²³Термизи риуаяты.

сте ол былай дейді: «Бір адам Пайғамбарымызға (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Жиһадқа рұқсат беріңіз?» – деді. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Ата-анаң тірі ме?*» – деп сұрағанда, ол: «Тірі» деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Онда сол екеуіне жиһад қыл* (қызмет ет)»,²⁴ – деген.

15. Отбасына қамқорлық жасау. Ата-анасын, әйел, бала-шағасын және туыстарын нәпақамен қамтамасыз ету отағасының міндеті болып табылады. Әрбір мұсылман азамат оған селқос қарамай, мойнына жүктелген борышын орындауы тиіс. Ибн Омардан (р.а) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Барлығың да бақташы секілдісіңдер және барлықтарың қоластыңдағылар үшін жауап бересіңдер. Басшы – бақташы. Ер адам – отбасының бақташысы. Әйел – ерінің шаңырағы мен балаларының бақташысы. Қысқасы, әрбірің бақташысыңдар және өздеріңе бағынышты жандар үшін жауаптысыңдар*»,²⁵ – деген. Отбасына қамқорлық тек нәпақа тауып берумен шектелмейді, жанұясында адамгершілік, мейірімділік, сыйластық қарым-қатынастың орнығуына ықпал ету үшін, балаларына жақсы тәрбие мен білім берілуіне жағдай жасау да шынайы мұсылманның міндетіне кіреді.

Шынайы мұсылманның келбетін бейнелейтін сипаттың түрлері көп. Негізгі сипаттары ретінде бірнешеуіне тоқталып өттік. Жоғарыда келтірілген Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және оның сахабаларының өмірі үлгі болып, әркім өзінің өмірі туралы ой толғап, Алла Тағала Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүйікті үмбеті болуға, оның шапағатына лайықты болып, мұсылмандық қасиеттерімізбен жұмақ төріне өрлей беруімізді жазсын!

²⁴ Хаким риуаяты, иснады сахих.

²⁵ Бухари, Муслим риуаяты.

ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА

П Р И Н Я Т О

**НА ФОРУМЕ ИМАМОВ
ДУХОВНОГО УПРАВЛЕНИЯ
МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**

**ЛИЧНОСТНЫЙ ОБЛИК
МУСУЛЬМАНИНА**

наставление

**Астана
19-февраля, 2015 г.**

Личностный облик мусульманина

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ وَأَمَّا بَعْدُ..

С именем Аллаха Милостивого и Милосердного. Хвала Всевышнему Аллаху Господу миров. Мир и приветствие Пророку Мухаммеду, Его семье и сахабам!

На сегодняшний день интерес к Исламу среди граждан, особенно молодежи, возрос. И это благо. Однако, некоторые мусульмане проявляют большое внимание одним деяниям и одновременно проявляют безразличие к другим.

Жизнь и характер истинного мусульманина основываются на полной гармонии, вере и высшего уровня человечности. В обществе сформировался определенный набор критериев, который повышает качества мусульманина, направляет на праведный путь и описывает его истинный облик.

Итак, истинный мусульманин – это человек, проявляющий стойкость в исполнении основных требований религии, чистый сердцем, духовно богатый. Он выделяется своим особым вниманием и желанием трепетно и с любовью относиться к своей религии. На сегодняшний день казахстанские мусульмане, составляя светское общество, наряду с вышеперечисленными критериями, должны придерживаться нижеследующих качеств истинного мусульманина.

1. Выбор правильной веры. Основная вера мусульманина – это повиновение тому, что Аллах есть и Он Един. Также он верит в ангелов Аллаха, Его писания, посланников, Судный день, в то, что судьба предопределена Аллахом. Аллаху не присущи качества Его творений, Он не имеет недостатков. Также, мусульманин должен верить, что Всевышний Аллах слышащий, видящий, могущественный, знающий, был изначально вечным, не имеет сотоварищей и не похож на Своих творений.

2. Получение знания. Согласно сунне, наука и мудрость – это то, что потерял мусульманин, он должен отыскать их, где бы они не были. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) в своем хадисе сказал: *«Требование знания является обязательным для каждого мусульманина!»*.¹ Этот хадис означает, что получение религиозного и светского образования является обязанностью как мужчин, так и женщин. Поэтому в жизни истинного мусульманина особое место должно занимать как религиозное так и светское образование. Ошибочно считать, что получение религиозного образования является обязанностью, а получение светского образования не так важно. Поскольку великие ученые Ислама в свое время осваивали различные отрасли науки. На сегодняшний день передовому мусульманину, сумевшему одинаково получить как религиозное, так и светское образование, открываются все дороги для достижения успехов, честного заработка, исполнения поклонений без ошибок и заблуждений.

3. Патриотизм. Существует крылатое выражение «Любовь к родине – есть проявление веры». В Исламе чувство патриотизма присуще истинному мусульманину. В хадисе, переданном от Ибн Аббаса (р.а.), Посланник Ал-

¹ Риуаят от Ибн Мажы.

лаха (да благословит его Аллах и приветствует) с особым трепетом относился к городу Мекка: *«Ты для меня дорога, любима. Если бы твои жители не заставляли, то я бы здесь остался»*, – говорил он выражая свою любовь к этой местности.

Для мусульманина считается Отечеством государство, имеющее свои границы, свободное от внешних врагов, где гарантированы свобода чести и совести, права и имущества. Для мусульманина, который живет в таком государстве, является обязанностью защищать его от внешних и внутренних врагов. Человека, который погиб, сражаясь за Отечество и религию, называют шахидом. Пророк Мухаммед (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: *«Есть две категории глаз, которые не увидят Ад в Судном дне: глаза, которые плакали из боязни за свои грехи и глаза, которые бодрствовали защищая границу Отечества»*.²

4. Подчинение закону, повиновение руководителю. Всевышний Аллах в Коране повелевает:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«О вы, которые уверовали! Повинуйтесь Аллаху и повинуйтесь посланнику и обладателям власти среди вас».³

В хадисе, переданном от Абу Хурайры (р.а.), Пророк Мухаммед (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: *«Кто подчиняется мне, тот подчиняется Аллаху. Кто слушается меня, тот слушается Аллаха. Кто не подчиняется руководителю, тот словно не подчиняется мне»*.⁴ Истинный мусульманин повинуется руководителю, не выступает против него. Среди мусуль-

² Риуаят от Тирмизи.

³ Сура «Ниса», 59-аят.

⁴ Риуаят от Бухари и Муслима.

ман могут возникать разногласия, но они не должны приводить к разрушению единства и спокойствия народа.

Великие сахабы мусульманского сообщества неукоснительно подчинялись своим руководителям. Они не поддавались смуте, которая была среди народа, напротив оказывали всяческую поддержку руководителю народа – халифу. Благодаря такому единству мусульмане правили на протяжении многих столетий. В результате неукоснительного подчинения руководителю, в обществе интенсивно стали развиваться наука и искусство, были достигнуты успехи в различных отраслях жизни общества. Поэтому каждый мусульманин должен помнить о необходимости подчинения своему руководителю.

5. Сохранение межрелигиозного согласия. Ислам не разделяет человечество по расам и нациям, религиям и верованиям, напротив призывает всех к миру и согласию, к единому мнению и терпимости. Всевышний Аллах в 107 аяте суры «Пророки» говорит:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Мы отправили тебя только в качестве милости к мирам», - то есть, показывает что он послан всему человечеству, будь то мусульмане, христиане или иудеи. В своем хадисе Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Истинным мусульманином является тот, кто не наносит вреда другим, ни руками, ни языком».**⁵ Таким образом, истинный мусульманин это тот человек, который не наносит вреда другим, и ставит на первое место благополучие своего государства.

6. Быть полезным обществу. Истинный мусульманин всегда старается быть полезным окружающим. Он

⁵ Риуаят от Бухари.

уделяет особое внимание укреплению мира и единства в обществе, подает руку помощи тем, кто в этом действительно нуждается. Он никогда не откажет в помощи родным и близким, оказавшимся в безвыходной ситуации. Он будет стараться поддерживать хорошие отношения с соседями, при необходимости всегда поможет. Наша религия призывает построить общество, в котором царят мир и согласие, взаимопонимание между людьми, также призывает людей оказывать друг другу взаимную поддержку. Всевышний Аллах говорит: **«Помните о милости, которую Аллах оказал вам, когда вы были врагами, а Он сплотил ваши сердца, и по Его милости вы стали братьями!»**⁶.

Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Наиболее любимым рабом Аллаха является тот, кто был полезен людям...»**.⁷

7. Трудолюбие. Наша религия призывает каждого мусульманина к честному труду. Зарабатывать благородным трудом - одно из основных качеств посланников Аллаха. Каждый посланник Аллаха занимался трудом, честно зарабатывая себе на жизнь. В хадисе, переданном от Микдад ибн Магди Якраба (р.а.), Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Никто не найдет пищи лучше той, что он заработал своим трудом. Поистине, Пророк Аллаха Давид (да благословит его Аллах и приветствует) зарабатывал на пропитание собственным трудом»**.⁸

Также в хадисе, переданном от Абу Хурайры (р.а.), Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: **«Наилучшим из ремесла является труд человека, который выполняет свои обязанности искренне»**.⁹

⁶ Сура «Аль-Имран», 103-аят.

⁷ Риуаят от Табарани, Ибн Абу Дуния.

⁸ Риуаят от Бухари.

⁹ Риуаят от Ахмет.

Ислам проповедует честный труд. Если рассматривать предания сахабов, все посланники Аллаха занимались честным трудом, тем самым развивая и увеличивая достижения в области науки и искусства. Так, Адам (а.с.) учил земледелию, Нух (а.с.) кораблестроению, Идрис (а.с.) рукоделию, Муса (а.с.) скотоводству, Давид (а.с.) ковке железа, Закария (а.с.) столярному мастерству. Поэтому, человек для своего пропитания должен работать должным образом, а чтобы быть достойным любой профессии необходимо получить определенное образование.

8. Не допускать расточительства и остерегаться скупости. Мусульманин должен придерживаться срединного пути, не расточать свое имущество попросту. Всевышний Аллах в Коране говорит:

وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ

*«...Ешьте и пейте, но не расточительствуйте, ибо Он не любит расточительных».*¹⁰ Каким бы богатым не был человек, он не должен допускать пустой траты денег и при этом не должен лишать свою семью необходимого пропитания. Если человек бессмысленно будет тратить деньги, он приведет свою семью к бедности. Самое благое – это правдивость и честность. В какой бы ситуации он не оказался, будь это семейные или общественные проблемы, он должен решить все правдивым и честным путем. Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: *«Рука дающая лучшие руки берущей. Начинать с тех, кого обязан ты содержать. А лучшей милостыней является та, которая подается от достатка».*¹¹

9. Наилучший нрав и характер. Ислам, основываясь на нравственности и воспитанности, всегда

¹⁰ Сура «Аль-Араф», 31-аят.

¹¹ Риуаят от Муслима.

проповедует чистоту и искренность. В Коране об этом говорится так:

وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Воистину, твой нрав превосходен»,¹² – здесь описывается совершенный нрав и мудрость нашего Пророка (да будет мир и благословение Аллаха). Истинный мусульманин ни на секунду не станет забывать о том, что в Судный день в чаше весов его нравственность перевесит все остальное. Его нравственность характеризуется такими качествами как честность, прямолинейность, выполнение обещаний, чистота помыслов и языка, умение прощать, щедрость, терпимость, скромность, дружелюбие, единство и т.д. Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: *«Наиболее совершенной верой обладает тот из верующих, кто отличается наилучшим нравом, а лучшими из вас являются те, кто лучше всех относится к своим женам»*.¹³ Также, в другом хадисе Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Поистине, среди муминов совершенна вера у того, кто лучший своим нравом и лучший для своей семьи»*.¹⁴ Источники и основные принципы воспитанности нужно искать в Исламе. Это видно из основных постулатов Ислама. Все поклонения и деяния в Исламе направлены на достижение этих целей.

10. Быть скромным и вежливым. Скромность – это черта характера, которым награждает Всевышний Аллах своего раба. Скромность, это качество, которое досталось нам от пророков, всех святых и праведников. Скромный и смиренный человек, это тот, который знает что, какие бы поступки он не совершал за ним наблюдает Аллах, поэтому ко всем относится с почтением и осторожностью.

¹² Сура «Калам», 4-аят.

¹³ Риуаят от Ахмада.

¹⁴ Риуаят от Тирмизи.

Всевышний Аллах говорит:

وَعِبَادِ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا ...

«А рабы Милосердного - те, которые ходят по земле смиренно...».¹⁵ Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) в одном из своих хадисов сказал: *«Кто проявляет смиренность перед Аллахом, того Аллах возвышает. А кто проявляет высокомерие, того Всевышний Аллах заставит клевать носом землю».*¹⁶ В этом аяте и хадисе описываются качества скромности, присущие мусульманам и остережение мусульман от проявления высокомерия. Гордыня и высокомерие не приводят к добру, они являются пороками сердца. Поскольку Аллах в Коране показывает, что он не любит эти проявления в характере:

وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ الْجِبَالَ طُولًا. كُلُّ ذَلِكَ كَانَ سَيِّئُهُ عِنْدَ رَبِّكَ مَكْرُوهًا

«Не ступай по земле горделиво, ведь ты не пробуришь землю и не достигнешь своим ростом высоты гор! Все это зло ненавистно твоему Господу»¹⁷, а Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Тот, в чьем сердце есть хотя бы пылинка высокомерия, не войдет в рай»*,¹⁸ – тем самым показывая что это духовная болезнь, которая приводит человека к аду.

11. Дружелюбие. Одно из основных качеств мусульманина – это дружелюбие. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говорит: *«Не уверует никто из вас, пока не будет желать брату своему того же, чего желает самому себе».* Дружелюбие – это искренняя черта характера, которая проявляется между людьми. Особенно, поддержка и забота брата по вере является благим делом.

¹⁵ Сура «Фуркан», 63-аят.

¹⁶ Риуаят от Ахмада.

¹⁷ Сура «Исра», 37,38-аяты.

¹⁸ Риуаят от Муслима, Ахмада.

Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говоря: *«Мусульманин зеркало другому мусульманину, мусульманин брат мусульманина, он не притесняет его и не оставляет без своей помощи»*,¹⁹ - показывает, что братские чувства должны быть не только между родственниками, но и между людьми одного общества. Поэтому нельзя причинять зло себе и другому, надо исправлять ошибки своего брата - это является плодом дружелюбных отношений.

12. Приветствие. Приветствие друг друга вызывает у обоих чувство братства и дружелюбия. В Коране Всевышний Аллах повелевает:

وَإِذَا حُيِّتُمْ بِتَحِيَّةٍ فَحَيُّوا بِأَحْسَنَ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا ۗ ...

«И когда вас приветствуют каким-нибудь приветствием, то приветствуйте лучшим или верните его же!».²⁰ Из этого аята можно заметить, насколько важным является приветствие.

«Ас-Салям» – является одним из имён Всевышнего Аллаха. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Поистине, «ас-Салям» является одним из имен Всевышнего Аллаха. Всевышний Аллах распространил это по всей земле. Поэтому распространяйте приветствие между собой»*.²¹ Приветствие мусульман звучит так: «Ассаламу алайкум уа рахматуллахи уа баракатух», что означает «Мир Вам, милость Аллаха и Его благословение». Таким образом, приветствие мусульман является их девизом и составляет основную часть духовного богатства. Этим люди приумножают дружелюбие и согласие между собой. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Приветствовать является сунной, а*

¹⁹ Риуаят от Абу Дауда.

²⁰ Сура «Ниса», 86-аят.

²¹ Риуаят от Бухари.

ответить является ваджибом». Когда человек не отвечает на приветствие, это может быть воспринято как неуважение к приветствующему. Шариат запрещает обижать людей без причины. Отвечать на приветствие приветствием тоже является нашей обязанностью.

13. Придавать значение чистоте и опрятности внешнего вида. В хадисе, переданном от Амра бин Шугайба, наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Поистине, Аллах любит видеть на Своем рабе следы Своих благодеяний».**²² Также в одном хадисе добавлено: **«Чистота – половина веры».** То есть мусульманин должен уделять особое внимание своему внешнему виду, одеваться соответственно своему окружению.

14. Повиновение и проявление доброты к родителям. Слушаться родителей, относиться к ним с почтением, трепетом, не повышать на них голоса, делать их довольными – все это является обязанностью каждого мусульманина. Всевышний Аллах говорит:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا ۖ إِنَّمَا يُبَلِّغُنَّ عِنْدَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا
أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا آفٌ وَلَا تُنْهَرْهُمَا وَقُلْ لَهُمَا قَوْلًا كَرِيمًا ۖ وَأَخْفِضْ لَهُمَا جَنَاحَ
الذَّلِّ مِنَ الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا رَبَّيَانِي صَغِيرًا

«Твой Господь предписал вам не поклоняться никому, кроме Него, и делать добро родителям. Если один из родителей или оба достигнут старости, то не говори им: «Тьфу!» – не кричи на них и обращай к ним почтительно. Преклоняй перед ними крыло смирения по милосердию своему и говори: «Господи! Помилуй их, ведь они растили меня ребенком»».²³

В хадисе, переданном от Абдуллы ибн Амра, наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал:

²² Риуаят от Тирмизи.

²³ Сура «Исра», 23-24.

«Довольство Аллаха в довольстве родителей и гнев Аллаха в гневе родителей».²⁴

Необходимо отметить, что исполнение долга перед родителями стоит выше, чем исполнение таких поступков, как сражение ради Аллаха и исполнение деяний сунны. Ибн Джахайма (р.а.) рассказывает, что он подойдя к нашему Пророку (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Я хотел бы с Вами посоветоваться, я хочу пойти воевать»*. Тогда Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) спросил его: *«У тебя есть мать?»* Ибн Джахайма (р.а.) ответил: *«Есть»*. Тогда Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Тогда будь рядом с ней, воистину, Рай находится у ее ног»*.²⁵ В хадисе, переданном от Абдуллы бин Амра (р.а.) говорится, что один человек подошел к Пророку (да благословит его Аллах и приветствует) и сказал: *«Разрешите мне совершить джихад?»*. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) спросил: *«У тебя живы родители?»*. Он ответил: *«Да»*. Тогда наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) ответил: *«Тогда возвращайся и совершай джихад ради них (береги их)»*;

15. Заботиться о своей семье. Обязанностью главы семьи является материальное обеспечение своих родителей, детей, всей семьи. Каждый мусульманин не должен относиться к этому безразлично и должен уметь справляться с этим долгом. В хадисе, переданном от Ибн Омара (р.а), Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Все вы пастухи и ответственны за свою паству. Руководитель и есть пастух. Мужчина есть глава семьи и несет за нее ответственность. Женщина есть хранительница очага, и несет ответственность за*

²⁴ Риуаят от Тирмизи.

²⁵ Риуаят от Хакима.

*своего мужа и детей. Таким образом, все вы являетесь ответственными за тех, кто находится под вашим управлением».*²⁶ Забота о своей семье не ограничивается только материальным обеспечением. В его обязанность входит установление в семье дружелюбных, заботливых, почтительных отношений, создание всех условий, чтобы дать своим детям соответствующее воспитание и знание.

Есть множество видов качеств, которыми можно описывать облик истинного мусульманина. Мы кратко обозначили самые значимые среди них. Желаем, чтобы читая вышеприведенные примеры из жизни Пророка (да благословит его Аллах и приветствует) и его сахабов, каждый задумался о своей жизни, деятельности и стремился стать членом уммы нашего Пророка (да благословит его Аллах и приветствует) и пусть Всевышний Аллах приумножает в нас истинные мусульманские качества и сделает нас достойными Рая!

²⁶ Риуаят от Бухари, Муслима.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Шынайы мұсылманның тұлғалық бейнесі	2
Личностный облик мусульманина	14

